

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Экономическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 2 (2025)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Экономическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ93VPY00029686

выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области экономики, управления,
финансов, бухгалтерского учета и аудита

Подписной индекс – 76133

<https://doi.org/10.48081/NVZW5116>

Бас редакторы – главный редактор

Давиденко Л. М.
доктор PhD

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*
Шеримова Н. М., *доктор PhD*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунязов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Дугалова Г. Н.	<i>д.э.н., профессор</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Шокубаева З. Ж.	<i>технический редактор.</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/NKHZ2303>

***А. К. Кембаев¹, С. К. Тажикенова²**

^{1,2} Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-0689-7605>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7858-5094>

*e-mail: azamatkembayev@gmail.com

ҚАРЖЫЛЫҚ АШЫҚТЫҚ ПЕН СЕНІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ РӨЛІ

Аталған мақалада қаржылық ашықтық пен сенімділікті қамтамасыз етудегі ішкі аудит қызметтерінің рөлі мен маңызы бойынша жан-жақты талдау ұсынылған. Сонымен бірге, ішкі аудит қызметтері Қазақстан Республикасында бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, сонымен қатар заңнама талаптары сақталуына ықпал етуші маңызды құрал ретінде айқындалған.

Бұл ретте, зерттеу барысы аясында ішкі аудит қызметтерінің 2023 жылғы атқарған жұмыстарының негізгі қызмет нәтижелері бойынша талдау жасалып, аудиторлық іс-шараларды жүргізу барысында анықталған заң бұзушылықтардың сипаты мен көлеміне баса назар аударылып отыр.

Осыған байланысты, ішкі аудит қызметтерімен аудиторлық іс-шараларды жүргізу нәтижесі бойынша жалпы сомасы 301,23 млрд теңге көлемін құрайтын қаржылық және рәсімдік бұзушылықтар анықталып, анықталған бұзушылықтарға байланысты қалпына келтірілген, өтелген, есепке алу бойынша көрсетіліп, сәйкестікке келтірілген қаражат көлемі нақты деректер негізінде ұсынылып отыр.

Сонымен қатар, аталған мақалада ішкі аудит қызметтерімен жүргізілген аудиторлық іс-шаралар материалдарының сапасын бақылау бойынша нәтижелері бағаланып, ішкі аудит қызметтерінің мемлекеттік басқару тиімділігіне тигізетін оң әсері мен оның қаржылық тәртіпті нығайтудағы маңызы ерекше атап өтіледі.

Кілтті сөздер: ішкі аудит қызметі, бюджет қаражаты, орталық мемлекеттік орган, жергілікті атқарушы орган, полиция департаменті, мемлекеттік аудит, бұзушылықтар.

Кіріспе

Ішкі мемлекеттік аудит қызметтері (бұдан әрі – ІАҚ) Қазақстан Республикасында бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығын, тиімділігін және заңдылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Олар мемлекеттік ресурстардың жұмсалуды қадағалау және бақылау функциясын орындайды, осылайша елдің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл мақалада біз бюджет қаражатын басқару кезінде Қазақстандағы ішкі мемлекеттік аудит қызметтерінің рөлін қарастырамыз.

Ішкі мемлекеттік аудит мемлекеттік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерін пайдаланғаны үшін тиімділікті, жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы ішкі аудит қызметтерінің бюджет қаражатының тиімді басқарылуы мен пайдаланылуына әсерін айқындау болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі ішкі аудит қызметтері жұмысының маңыздылығын ашып көрсету.

Материалдар мен әдістері

Бақылау бақылаудағы нысандардың жағдайын объективті түрде көрсететін жедел ақпарат алуға, олардың қызметінің мемлекеттің мүдделеріне сәйкестігін анықтауға, қабылданған шешімдердің мазмұнындағы кемшіліктерді, мемлекеттік аппараттың жұмысын ұйымдастырудағы және стиліндегі олқылықтарды анықтауға, сондай-ақ оның қызметкерлерінің сапасын зерделеуге мүмкіндік береді [1].

Д. Н. Бахрахтың пікірі бойынша, бақылау «қызметтің заңдылығы мен мақсаттылығын қадағалауды, оны құқықтық, ғылыми, әлеуметтік-саяси, ұйымдастырушылық-техникалық тұрғыдан бағалауды қамтиды», ал қадағалау – бұл құқықтық нормалардың сақталуын қадағалау, «шектеулі, тарылған бақылау» болып табылады [2].

Ю. М. Козлов қадағалау ұйымдық бағыныштылықтың болмауын және құқықтық нормалардың орындалуын тексеруді болжайтыны туралы жалпы пікірді қолдай отырып, қосымша критерий енгізеді: бақылау мен қадағалау қызметінің құқықтық салдары. Бақылауға тәртіптік жауапкершілікті қолдану және ведомстволық ұйымдардың (лауазымды тұлғалардың) құқықтық

актілерін жою мүмкіндігі тән, ал қадағалау үшін – әкімшілік мәжбүрлеу шараларын (ескерту, тоқтату, жаза қолдану) қолдану тән [3].

В. П. Беляевтің пікірінше, «бақылау мен қадағалаудың негізгі айырмашылықтары келесідей: кейбір жағдайларда бақылау бағынышты органдарға қатысты жүзеге асырылады; бақылаушылар бақылаудағы нысанның жедел-шаруашылық қызметіне араласуға құқылы; бақылау нысанның қызметін тек заңдылық тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ мақсаттылық тұрғысынан да бағалауды болжайды; бақылау органдарының лауазымды тұлғалары құқық бұзушыларды өз бетінше жауапкершілікке тартуға құқылы» [4].

Ішкі бақылау – бұл жоғары тұрған органдар мен лауазымды тұлғалардың ұйымдастырушылық, үйлестірушілік және басқарушылық қызметінің құрамдас және қосалқы бөлігі. Ол «жоғары тұрған органдардың басқаруындағы маңызды элемент болып табылады». Сонымен қатар, ішкі бақылауға ұшырайтын ұйымдар мен лауазымды тұлғалардың өздері мемлекеттік саясатты іске асыру тетігінің бір бөлігі екенін ұмытпау керек, ал бақылау қызметі түптеп келгенде тиісті салада мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған. Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін қажетті деңгейде ұстап тұру ішкі бақылаудың негізгі мақсаты болып табылады [5].

Мемлекеттік аудиттің сапасы мемлекет пен қоғамның тиімді жұмыс істеуінде маңызды рөл атқарады. Сапалы жүргізілген аудит не халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізілген аудит тиісті ұйымдарға ақпараттың, болжамдардың және ескертулердің уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

Аудиторлар үшін сапалы аудит – бұл мемлекеттік аудит органы бекіткен белгіленген стандарттар мен ережелерге сәйкес жүргізілген аудиторлық іс-шаралар [6].

Де Анжелонның пікірінше, аудиттің сапасы аудитордың жүйедегі бұзушылықты анықтау және ол туралы хабарлау ықтималдығымен анықталады [7].

Нәтижелер және талқылау

Ішкі аудит тәуелсіз, яғни ішкі аудиттің өз міндеттерін риясыз орындауға қауіп төндіруі мүмкін жағдайларға бағынбайтын еркін, сондай-ақ объективті болуы керек. Объективтілік аудиторларға ішкі аудитті риясыз орындауға, соның ішінде аудиторлық пікірдің объективті болуына және өзге тұлғалардың пікіріне бағынбауына мүмкіндік беретін нұсқама болып табылады [8].

Ішкі аудит қызметтері өз қызметін жүзеге асырған кезде міндетті түрде мемлекеттік аудиттің қағидаттарын басшылыққа алуы керек (1-сурет) [9].



1-сурет – Мемлекеттік аудиттің негізгі қағидаттары

Дереккөз: [9] негізінде құрастырылды.

ІАҚ басқа құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз, орталық мемлекеттік орган немесе оның ведомствосындағы бірінші басшыға, облыс пен республикалық маңызы бар қала әкіміне бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган бөлімшесі болып саналады [10].

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, мемлекеттік органдардағы ішкі аудит қызметтері жүйесіне келесілерді жатқызамыз [11]:

- Орталық мемлекеттік органдардың (бұдан әрі – ОМО) ІАҚ;
- Жергілікті атқарушы органдарының (бұдан әрі – ЖАО) ІАҚ;

– Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық бағынысты аумақтық органдарының, яғни Полиция департаменттерінің (бұдан әрі – ПД) ІАҚ.

Зерттеу шеңберінде ІАҚ-нің 2023 жылғы атқарылған жұмыстары бойынша негізгі қызмет нәтижелеріне талдау жүргізілді.

ОМО, ЖАО және ПД ІАҚ-терінің есептік деректері бойынша 2023 жылы барлығы 553 аудиторлық іс-шара өткізілді (1-кесте), оның ішінде [12]:

1-кесте – ІАҚ-мен өткізілген аудиторлық іс-шаралар

Сәйкестік аудиті	Тиімділік аудиті	Тиімділік аудиті және сәйкестік
203	95	255
36,7%	17,2%	46,1%
Дереккөз: [12] негізінде құрастырылды.		

Аудиторлық іс-шаралар шеңберінде 2 684,6 млрд.теңге бюджет қаражаты мен мемлекет активтері қамтылды. Жүргізілген аудит нәтижелері бойынша жалпы сомасы 301,23 млрд. теңгеге немесе қамтылған қаражаттың

13,9%-на Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасын бұзушылықтар анықталды (2-кесте), оның ішінде [12]:

2-кесте – ІАҚ-мен анықталған бұзушылықтар сомасы

млрд. тенге

ІАҚ	Барлық бұзушылық	Оның ішінде:		Олардың ішінде есепке алу бойынша өтеуге, қалпына келтіруге және көрсетуге жататын	Қалпына келтірілді, өтелді, есепке алу бойынша көрсетілді және сәйкестікке келтірілді
		Қаржылық бұзушылық	Рәсімдік бұзушылық		
ОМО ІАҚ	230,29	14,42	215,87	14,42	10,72
ЖАО ІАҚ	70,41	5,38	65,02	5,98	5,14
ПД ІАҚ	0,53	0,03	0,49	0,03	0,03
Барлығы	301,23	19,83	281,38	20,43	15,89
Дереккөз: [12] негізінде құрастырылды.					

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша аудит объектілеріне анықталған бұзушылықтарды жоюға 551 шешім (ұйғарым) енгізілді.

Жіберілген бұзушылықтар үшін аудит объектілерінің 760 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды, 233 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 70 аудит материалы құқық қорғау органдарына берілді.

Ішкі аудит қызметтерінің аудит материалдарының сапасына бақылау жүргізуді қамтамасыз ету операциялық жоспардың көрсеткіші бойынша аудиторлық іс-шаралар материалдарының жалпы санының жоспарлы мәнінен 50 пайызы яғни барлығы 288 материалы сапа бақылаумен қамтылған (3-кесте), оның ішінде ОМО ІАҚ – 148, ЖАО ІАҚ – 130, ПД ІАҚ – 10, оның ішінде [12]:

3-кесте – ІАҚ-нің аудит материалдары сапасына жүргізілген бақылау нәтижелері

ІАҚ	МАҚБ жалпы стандарттарына сәйкес келеді	МАҚБ жалпы стандарттарына ескертулермен сәйкес келеді	МАҚБ жалпы стандарттарына сәйкес келмейді
ОМО ІАҚ	2	142	4
ЖАО ІАҚ	13	108	9
ПД ІАҚ	2	8	—
Барлығы	17	258	13
Дереккөз: [12] негізінде құрастырылды			

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ІАҚ Қазақстан Республикасында бюджет қаражатын пайдаланудың қаржылық орнықтылығы мен тиімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Олардың функцияларына бюджет қаражатын бақылау, бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және нормативтік актілерді сақтау кіреді. Ішкі мемлекеттік аудит қызметінің тәуелсіздігі олардың жұмысы бюджеттік операцияларды объективті және бейтарап аудит жүргізуді қамтамасыз етеді. Олардың жұмысының нәтижелері бюджет қаражатын басқаруды жақсарту және қаржылық процестердің ашықтығын арттыру үшін қолданылады. Осылайша, ІАҚ Қазақстанда қаржылық тәртіпті сақтауда және бюджетті тиімді басқаруда маңызды рөл атқарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Горшенев, В. М., Шахов, И. Б. Контроль как правовая форма деятельности. – М., 1987.
- 2 Бахрах, Д. Н., Россинский, Б. В., Старилов, Ю. Н. Административное право: учебник.
- 3 Козлов, Ю. М. Административное право. – М., 2005.
- 4 Беляев, В. П. О проблемах эффективности государственного контроля // Правоведение. – 2006. – № 2.
- 5 Студеникина, М. С. Государственный контроль в сфере управления. – М. : Юридическая литература, 1974. – С. 15.
- 6 Knechel, W. R., Krishnan, G. V., Pevzner, M., Shefchik, L. B., Velury, U.K. Audit Quality : Insights from the Academic Literature // Auditing : A Journal of Practice & Theory. – Vol. 32. – № 1. – 2012. – P. 385–421.

7 **DeAngelo, L. E.** Auditor Size and Audit Quality // Journal of accounting and economics. – Vol. 3. – № 3. – 1981. – P. 183–199.

8 **Жанбыршин, Қ. Е., Әбдібеков, Н. Қ., Годунова, Н. Н., Нөгербеков, С. Н., Зейнелгабдин А. Б., Ақпомбаев И. Л.** Мемлекеттік аудит теориясы / Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің және «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС-ның ұжымы. – Астана : Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, 2018. – 328-б.

9 «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы [Электронды ресурс]. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

10 Ішкі аудит қызметтері туралы үлгілік ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 599 бұйрығы [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012544>

11 **Алибекова, Б. А., Зейнелгабдин, А. Б., Карыбаев, А. А.-Қ., Мақыш, С. Б., Мұхаметкәрім, А. М., Нөгербеков, С. Н., Нурхалиева, Д. М., Тажикенова, С. К., Туребекова, Б. О., Жанбыршин, К. Е.** Мемлекеттік аудит : оқулық / редакциясымен; Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі; Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. – Астана: Л. Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2018ж. – 360-б.

12 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ресми интернет-ресурсы [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga?lang=kk>

REFERENCES

1 **Gorshenev, V. M., Shakhov, I. B.** Kontrol' kak pravovaya forma deyatel'nosti [Control as a legal form of activity]. – Moscow, 1987.

2 **Bakhrakh, D. N., Rossinskii, B. V., Starilov, Yu. N.** Administrativnoe parvo : uchebnik [Administrative Law : textbook]

3 **Kozlov, YU. M.** Administrativnoe pravo [Administrative Law]. – Moscow, 2005.

4 **Belyaev, V. P.** O problemakh ehffektivnosti gosudarstvennogo kontrolya [On the problems of the effectiveness of state control] // Pravovedenie. – 2006. – № 2.

5 **Studenikina, M. S.** Gosudarstvennyi kontrol' v sfere upravleniya [State control in the field of management]. – Moscow : Yuridicheskaya literatura [Legal literature], 1974. – P. 15.

6 **Knechel, W. R., Krishnan, G. V., Pevzner, M., Shefchik, L. B., Velury, U.K.** Audit Quality : Insights from the Academic Literature // Auditing : A Journal of Practice & Theory. – Vol. 32. – № 1. – 2012. – P. 385–421.

7 **DeAngelo, L. E.** Auditor Size and Audit Quality // Journal of accounting and economics. – Vol. 3. – № 3. – 1981. – P. 183–199.

8 **Jaňbyrşın, Q. E., Äbdıbekov, N. Q., Godunova, N. N., Nögerbekov, S. N., Zeinelgabdin, A. B., Aqpombaev, İ. L.** Memlekettik audit teoriasy [Theory of state audit] / Respublikalyq büdjettiň atqaryluyn baqylau jönindegi esep komitetiniň jáne «Zertteuler, taldaı jáne tiımdılıktı baǵalau ortalıǵy» JŞS-nyň üjymy. – Astana : Respublikalyq büdjettiň atqaryluyn baqylau jönindegi esep komiteti, 2018. – P. 328.

9 «Memlekettik audit jáne qarjylyq baqylau turaly» Qazaqstan Respublikasynyň 2015 jylǵy 12 qaraşadaǵy № 392-V Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan dated November 12, 2015 № 392-V «On state audit and financial control»]. [Electronic resource]. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

10 Işkı audit qyzmetteri turaly ülgilik erejeni bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministriniň 2015 jylǵy 30 qaraşadaǵy № 599 bırıyǵy [Order of the Minister of Finance of the Republic of Kazakhstan dated November 30, 2015 № 599 on approval of the model regulation on internal audit services]. [Electronic resource]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012544>

11 **Alibekova, B. A., Zeinelgabdin, A. B., Karybaev, A. A.-Q., Maqys, S. B., Mūhametkärım, A. M., Nögerbekov, S. N., Nurhalieva, D. M., Tajikenova, S. K., Turebekova, B. O., Jaňbyrşın, K. E.** Memlekettik audit : Oqulyq [State Audit: Textbook] / redaksiasymen; Qazaqstan Respublikasynyň bılıı jáne ğylym ministrліǵı; L.N. Gumilyov atyndaǵy Eurazia ülttyq universiteti. – Astana : L. N. Gumilyov atyndaǵy EÜU, 2018. – P. 360.

12 Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministrліǵı Işkı memlekettik audit komitetiniň resmi internet-resursy [The official Internet resource of the Internal State Audit Committee of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga?lang=kk>

23.02.25 ж. баспаға түсті.

07.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

30.04.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. К. Кембаев¹, С. К. Тажикенова²

^{1,2}Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 23.02.25.

Поступило с исправлениями 07.04.25.

Принято в печать 30.04.25.

РОЛЬ СЛУЖБ ВНУТРЕННЕГО АУДИТА В ОБЕСПЕЧЕНИИ ФИНАНСОВОЙ ПРОЗРАЧНОСТИ И НАДЕЖНОСТИ

В данной статье представлен всесторонний анализ роли и значимости службы внутреннего аудита в обеспечении финансовой прозрачности и надежности. Особое внимание уделяется тому, что службы внутреннего аудита являются важным инструментом повышения открытости и эффективности использования бюджетных средств в Республике Казахстан, а также соблюдения требований законодательства.

Так, в рамках исследования проведен детальный анализ основных результатов деятельности служб внутреннего аудита за 2023 год, с особым вниманием к характеру и масштабу выявленных нарушений законодательства в ходе проведения аудиторских мероприятий.

Вместе с тем, по результатам аудиторских мероприятий, проведенных службами внутреннего аудита, выявлены финансовые и процедурные нарушения на общую сумму 301,23 млрд тенге. В этой связи в статье представлены конкретные данные о восстановленных, возмещенных, учтенных и приведенных в соответствие суммах в связи с выявленными нарушениями.

Кроме того, в статье оцениваются результаты контроля качества материалов аудиторских мероприятий, проведенных службами внутреннего аудита, и особо подчеркивается их положительное влияние на эффективность государственного управления, а также их важность для укрепления финансовой дисциплины.

Ключевые слова: служба внутреннего аудита, бюджетные средства, центральный государственный орган, местный исполнительный орган, департамент полиции, государственный аудит, нарушения.

*A. K. Kembayev¹, S. K. Tazhikenova²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 23.02.25.

Received in revised form 07.04.25.

Accepted for publication 30.04.25.

THE ROLE OF INTERNAL AUDIT SERVICES IN ENSURING FINANCIAL TRANSPARENCY AND RELIABILITY

This article presents a comprehensive analysis of the role and significance of internal audit services in ensuring financial transparency and reliability. Special attention is given to the fact that internal audit services serve as a crucial tool for enhancing openness and efficiency in the use of budgetary funds in the Republic of Kazakhstan, as well as for ensuring compliance with legal requirements.

As part of the study, a detailed analysis was conducted on the key performance results of internal audit services for the year 2023, with a particular focus on the nature and scale of identified legal violations during audit activities.

Furthermore, the audit activities carried out by internal audit services revealed financial and procedural violations amounting to a total of 301.23 billion tenge. In this regard, the article provides specific data on the amounts recovered, reimbursed, accounted for, and adjusted in connection with the identified violations.

Additionally, the article evaluates the results of quality control over audit materials produced by internal audit services and emphasizes their positive impact on the effectiveness of public.

Keywords: internal audit service, budgetary funds, central government agencies, local executive bodies, police departments, state audit, violations.

Теруге 19.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

17,1 Mb RAM

Шартты баспа табағы 34,8

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4407

Сдано в набор 19.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

17,1 Mb RAM

Усл.п.л. 34,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4407

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz

www.vestnik-economic.tou.edu.kz